



Қазақ елі үлкен өрлеу үстінде. Қоғамның барлық салаларындағы, әсіресе, экономикадағы жетістіктерімізді бүкіл әлем мойындап отыр. Көш басына шықтық, біз ұстаған әлеуметтік-экономикалық саясат тиімділігі жағынан әлем деңгейіндегі озық үлгілердің бірі деген пікір қалыптасты. Мұны біз емес көптеген басқа елдердің басшылары, саясаткерлері, беделді халықаралық ұйымдар айтып отыр.

Ал біздер, қазақстандықтар үшін бұл — жеңіс те және дұрыс саясаттың жемісі де. “Жеңістің иегерлері көп”, деген қағида бар. Біздің жеңісіміздің иегерлері — Президент пен халық. Нұрсұлтан Әбішұлы тыңнан жол ашып, ұтымды саясат ұсына білді, халқы оны қызу қолдады.

Дегенмен, өткен жолымыз бізге тіпті де оңайға түскен жоқ. Әсіресе алғашқы жылдар. Нарық экономикасына бет алған алғашқы сәттер. Оның қыры мен сырын түсінгенімізден түсінбегеніміз, білгенімізден білмегеніміз көп жылдар. Іс басындағы азаматтарға жаңа заман талабына сай дайындықты, қайраткерлікті талап ететін жылдар. Міне, осы кезеңде еліміздегі игі өзгерістерге барынша ат салысып, Президент тапсырмасымен экономика саласындағы реформаторлар командасын басқарған абзал азамат — Қаратай Тұрысов еді. Осы команда тиянақты іс-қимылдарға мұрындық бола білді, сондықтан да бүгінгі жетістіктерде Қаратай Тұрысовтың да дербес үлесі бар.

Мен Қарекенмен отыз жылдан артық таныс, пікірлес болдым. 1971 жылы Торғай облысы ашылды. Өте іскер, тәжірибелі Сақан Құсайынов бастаған бір топ азамат келді. “Қазақстанның байлығы Торғаймен еселенді, соны іске асырындар” деген Димаш Ахметұлы Қонаевтың жігерлі тілегін ала



тетіктері, қырлары таныс емес еді. Осы жүйемен ғасырлар бойы жұмыс істеп, көп нәтижеге жеткен батыс елдерінің бай тәжірибесі біздің назарымызда ешқашан болған жоқ.

Дегенмен, өркениетті елдердің жүрген жолымен жүріп, ол қолданған экономикалық жүйені құруға бел байладық. Тарихи маңызы бар осы туралы саяси шешімді Президент қабылдады. Ал оны іске асыру ұлан-асыр қиындыққа кездесті. Оның бірін — осы үлкен іске қажетті мамандардың жетіспегенін жоғарыда айттық. Оның үстіне еліміздегі экономикалық реформаларды 1992 жылы бастасақ та, тағы екі жыл, яғни 1994 жылға дейін Ресей ақшасының аймағында (рублевая зона), демек Ресей үкіметі жүргізіп отырған экономикалық саясаттың ықпалында болдық. Ал ресейліктер осы кезеңде ұтымды және екінді саясат жүргізе алмады. Осы екі себептің негізінде реформалардың алғашқы қадамдары тар жол, тайғақ кешумен басталды.

1990 жылы “Қазақ КСР-індегі меншік туралы” Заң қабылданды. Оны депутаттар назарына ұсынған Қ.Тұрысов бұл Заңның Одақ көлемінде қабылданған осындай заңнан айырмашылығы — “жердің, оның астындағы байлықтың осы елде тұратын халықтың тек қана өзіне тән, ешкіммен бөліспейтін байлығы” деген баптың енгізілгенінде деді. Өте маңызды бап, кейін Одақ тараған кезде республикалық меншікке Қазақстандағы тек қана жер алқабы, табиғи ресурстар емес, оларды өндіретін кәсіпорындардың да өтуіне осы Заңның бірден бір себебі тиді.

соңғы күніне дейін Қаратай Тұрысов Парламент Мәжілісінің депутаты және оның Бюджет және қаржы комитеті төрағасының қызметін атқарды.

Кәсіби Парламенттің, оның Мәжілісінің, бюджет және қаржы комитетінің алдында орасан зор міндеттер тұрды. Депутаттар алдында елімізді тек тығырықтан шығарып қана емес, тек қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету емес, елдің болашақ даму, өрлеуіне мүмкіндік беретін заң жобаларын қабылдау міндеті тұрды. Және де олар өлем өркениетінің талабына сай болып, біздің басқа елдермен жан-жақты араласуымызға мүмкіндік беруі керек болды. Және де қазақ өркениетін заңдастыруды бұрынғыдай емес, екпінді түрде жасау керек болды.

Осыған байланысты Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бір ұтымды шешімін айта кеткім келеді. Жоғарғы Кеңес бір емес, екі рет тарап, Президент Конституциялық күші бар заңдарды өзі қабылдайтын болып шешкенін баршамыз білеміз. Біреулер мұны демократиялық шешім емес, оған нұқсан келтірді деп жүрді. Шындығына келсек, елді бұрынғы дәстүрінен тез айырып, жаңа заманның алғашқы қадамына жол ашқан заңдар Президенттің Конституциялық күші бар Жарлықтарымен алынған екен. Және дау-дамайсыз, жедел түрде. Нәтижесінде біз орын алған күйзелісті тез арада жеңе білдік, қоғамда да, экономикада да бізге керекті тұрақтылық орнады, шаруашылықты және әлеуметтік саланы дамытудың заңдық негізі құрастырылды. Нәтижесінде Қазақстан көп ұзамай әлеуметтік-экономикалық реформалардың қарқыны, нәтижесі жағынан бұрынғы Одақта болған әріптестерінің алдына шықты. Дау-дамайға бойын алдырып, реформалар жасауды кешеуілдеткен Ресей Федерациясының, Орта Азиядағы, Кавказдағы республикалардың бүгінгі онша қуанарлық емес жағдайын көріп, байқап отырмыз.

Президент алдымен экономика, содан кейін саясат деген қағиданы басшылыққа алды. Экономиканы кемелдендірсек әлеуметтік саланы, халықтың тұрмысын жақсартуға мүмкіндік аламыз, алдымен осыны істеуіміз керек деді. Осыған байланысты кәсіби Парламенттің қараған заң жобаларының дені шаруашылық қызметке, экономикаға байланысты болды. Санап отырсақ, 9 жыл ішінде Парламент Мәжілісі мыңнан астам заң қабылдаған екен, соның 60 пайыздан артығы экономика саласы жөнінде.

Осы заң жобаларын талқылап, оларды қабылдауға Қаратай Тұрысов, ол басқарған Бюджет және қаржы комитетінің мүшелері тікелей қатысты. Аталмыш комитеттің ерекше бір міндеті жылда қабылданатын республика бюджеті туралы заң жобасын Мәжілісте талқылауға жетекшілік ету. Бюджет — әр жылдағы экономикалық дамудың негізі; экономикалық саясаттың дұрыс-бұрыстығын, жақсы саясаттың орындалу тетігін де осы бюджет қалыптастырады. Қарекен маман ретінде, әр саланың дамуына мемлекеттік тұрғыдан қарайтын азамат ретінде жылда қабылданатын мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, экономиканың шешуші салаларына жұмсалып керектігін қадағалаушы еді.

Менің алдымда Қарекеннің Парламенттің қос палатасының біріккен отырыстарында 9 жыл ішінде бюджет туралы жасаған 12 баяндамасы жатыр. Оларда тек қана бюджет емес, жалпы Президент ұсынған экономикалық саясаттың орындалу бағыттары жан-жақты талқыланған, мемлекеттің іске асыру аймағы отырған мүмкіндіктері көрсетілген, бюджет жобалау ісіндегі кемшіліктер мен оларды жою жолдары туралы көп пікір айтылған. Осының негізінде Парламент бюджет арқылы экономикамыздың қарқынды өсуін

# ҚАЙРАТКЕР

**Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик, Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы.**

келді. Сол басшылардың қатарында Қаратай Тұрысов, Мақтай Сағдиев, Өзбекәлі Жәнібеков болды. Біріншісі — өндіріске, екіншісі — ауыл шаруашылығына, ал Өзбекәлі Жәнібеков болса рухани салаға басшылық етті. Нағыз іскер, қажырлы, қайратты, отызында орда бұзатын азаматтар. Солардың ерен еңбегімен Торғай облысы тез арада бой көтерді. Өзбекәлі Жәнібеков тынбай ел аралап, Торғай өңірінің игі дәстүрлерін жинақтап, жарыққа шығарып, өнерін, мәдениетін дамытып, жаңа белестерге көтерді. Мәдени ошақтар, мұражайлар ашылды. Олар бүгінде халыққа игі қызметін істеуде. Мақтай Сағдиевтің басшылығымен жасалған астық алқабы — қазір де алған өнімнің сапасы жағынан еліміздегі ең тиімді алқаптардың бірі.

Торғай өңірінде бұрын айтарлықтай өндіріс орындары болмайтын. Қаратай Тұрысовтың тікелей басшылығымен бірнеше орташа, шағын кәсіпорындар салынып, жұмыс істей бастады. Осы өңірдегі табиғи байлықтар зерттелді. Олар айтарлықтай мол екен. Соның негізінде Торғай облысының өндіргіш күштерін дамытудың ұзақ мерзімдік бағдарламасы жасалды.

Осы бағдарлама, міне, менің алдымда жатыр. Онда көтерілген ауқымды проблемалар осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сол жобалағы боксит қорының жаңа көздерін

Себебі әрбір кәсіпорында еңбекақы төлеудің қалыптасқан жүйесінің орын алған кемшіліктерінен, ешкімді дұрыс ынталандыра алмайтындығынан еңбек өнімділігі әрі қарай өспей, Кеңес Одағы өндірісінің титықтап тұрған кезі еді. Көп жылдар еңбек өнімділігі, өндірістің тиімділігі төмендей берсе де үкімет осы мәселенің дұрыс шешімін таппады. Әрине, бұның негізінде сол кездегі Кеңес өкіметінің еңбек адамына деген, әлеуметтік салаға арналған самарқау саясаты жатты. Жұмысшы еңбекақысына қамқоршы болуға міндетті кәсіподақтар да бұл жөнінде көп кемшілік жіберді. Оны Қаратай Тұрысов өз баяндамасында ашық айтты. “Өкінішке орай, — деді ол, — көптеген кәсіподақ ұйымдары әкімшіліктердің ыңғайына жығылып, солардың айтқанына көніп, айлауына жүріп жатқан жайы бар. Еңбекті нормалау өндірісті қалыпты жүргізудің, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіре берудің негізі екендігін көптеген басшылар жете түсінбей жүр”. Сол кездегі Одақ мінбелерінен батыл айтылған пікірлердің бірі осы болды. Тұрысовтың жұмысшыларға еңбекақы төлеуді ұйымдастырудағы тың ойлары мен ұсыныстарын көпшілік қолдады, олар тиісті шешімдердің негізі болды. Сөйтіп Одақ көлемінде де Қарекеннің беделі арта түсті.

Соның бір дәлелі Қаратай Тұрысовтың 1987 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 42-ші сессиясына Кеңес Одағы делегациясын басқарып баруы. Әлемді тітіреткен империя делегациясын қазақ азаматының басқарып баруы және сол алқалы жиында ұзақ сөз сөйлеуі бұрын біздің

Сол жылдың аяғында республиканың Жоғарғы Кеңесінде Қазақ КСР-інің нарыққа өту және Қазақстанда экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағдарламалары талқыланды. Жұмыс тобының атынан осы бағдарламалар туралы баяндама жасаған Қарекен келелі, қағидаттық һәм стратегиялық маңызы бар 4-5 мәселені, оларды шешу жолдарын ерекше атап өтті. Бірінші — Қазақстан тәуелсіздігінің экономикалық негізі елдегі жердің, кен орындарының, ішкі және алқаптағы сулардың, өуе кеңістігінің, жан-жануарлардың, мәдени және тарихи құндылықтардың, материалдық және қаржы ресурстарының, барлық кәсіпорындардың, шаруашылық және әлеуметтік салаға қызмет істейтін жүйелердің республиканың тек қана өзінің және ешкіммен бөліспейтін меншігінде болуы екені ұсынылды және кейіннен солай жарияланды.

Екінші — мемлекеттік меншікті жекешелендіру керектігі және ол әділетті өту үшін әр адамның мүмкіндігін теңестіру үшін оларға мемлекеттік меншіктен үлес алуға арналған сертификаттар тарату тұжырымдалды. Үшінші — бағаны және сыртқы елдермен сауда байланыстарын ырықтандыру керектігі шешілді. Төртінші — инфляцияның жедел қарқынмен өсуіне байланысты халықтың табысын тоқсан сайын индексітеп отыру керектігі айқындалды. Бесінші — нарыққа өту үш кезеңнен тұратындығы, оның алғашқы екі кезеңінде еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдайды тұрақтандырып, нарық экономикасының инфрақұрылымын жасау көзделді, үшінші

дамалы, жаңа өскендері көтерді. Мәдени ошақтар, мұражайлар ашылды. Олар бүгінде халыққа игі қызметін істеуде. Мақтай Сағдиевтің басшылығымен жасалған астық алқабы — қазір де алған өнімнің сапасы жағынан еліміздегі ең тиімді алқаптардың бірі.

Торғай өңірінде бұрын айтарлықтай өндіріс орындары болмайтын. Қаратай Тұрысовтың тікелей басшылығымен бірнеше орташа, шағын кәсіпорындар салынып, жұмыс істей бастады. Осы өңірдегі табиғи байлықтар зерттелді. Олар айтарлықтай мол екен. Соның негізінде Торғай облысының өндіріс күштерін дамытудың ұзақ мерзімдік бағдарламасы жасалды.

Осы бағдарлама, міне, менің алдымда жатыр. Онда көтерілген ауқымды проблемалар осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сол жобадағы боксит қорының жаңа көздерін ашу, Торғайдың өте бай қоныр көмірінің негізінде электр стансаларын салу, осы өңірдегі темір жолдарын игеру үшін Есілде металлургия зауытын тұрғызу, тері тон комбинаты, балық зауыты, қыштан ыдыс-аяқ жасайтын, силикат кірпіш шығаратын және шағал зауыттарын салу қазір де күн тәртібіне сұранып тұрған жоқ па. Немесе Торғай өңірінің көлік-коммуникациялық байланысын басқа өңірлермен тиімді ұйымдастыру үшін Қарекен ұсынған Аркалықтан Жезқазғанға, одан өрі Жосалыға темір жол тарту жобасы. Бұл да бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Өкінішке орай, аталмыш облыс бірде ашылып, бірде жабылып, ақырында тарап бітіп, осы жобалардың кейбірі іске аспай қалды. Дегенмен үлкен бір өңірдің өндіріс күшін терең зерттеп, оның болашағын анықтайтын ұзақ мерзімді жоба жасап, оны республика және Одақ көлемінде көтере білу Қаратай Тұрысовтың шынайы қайраткерлігі емес пе. Содан бері көп жылдар өтті, дегенмен Қаратай Тұрысовты, оның жоғарыда аталған әріптестерін Торғай елі естерінен шығарған жоқ, есімдерін құрметпен атап, игі істерін кейінгі ұрпаққа аңыз ғып жеткізіп келеді.

“Шіркін Торғай! Ежелден қазақ халқының даңқын көпке, ұлан далаға жайған қасиетті Торғай! Мен осы Торғайдың мектебінен өгтім”, деп Қарекен айтып отыратын. Қайраткерлік тұлғасын Қаратай Тұрысов басқа уақыттарда да, басқа қызметтерде де көрсете білді. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болғанда да, Қазақстан Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болғанда да, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты және оның комитетінің төрағасы қызметінде де, басқа да жауапты міндеттер атқара жүріп Қарекен осы зор азаматтық қалпынан айрылған жоқ.

Оның өмірінің өте бір жауапты кезені — ВЦСПС-та (Бүкілодақтық кәсіптік одақтардың Орталық Кеңесі) хатшы қызметін атқарған жылдар. Бұрынғы Кеңес Одағында ең жоғары биліктің төрт құлағы болатын: СОКП Орталық Комитеті, КСРО Министрлер Кеңесі, Бүкілодақтық кәсіподақтар кеңесі және Бүкілодақтық комсомолдың Орталық Комитеті. Әрқайсысының лауазымы өте жоғары билік жүйелері, өз саласында тек қана Одақ көлеміндегі іс-шараны басқарып отырумен қатар бүкіл әлем деңгейіндегі саясатқа ықпалын тигізіп отыратын орындар. Олардың басшылығына орыс, украин, белорус болмаса басқа ұлттардан, әсіресе қазақтардан, ешкім шақырыла қоймайтын. Тіпті осы жоғары биліктің бірі — Кәсіп-одақтардың Орталық Кеңесінің хатшылығына тағайындалған Қаратай Тұрысов біздің ағайындардан Орталыққа жауапты қызметке шақырылған санаулы қайраткерлердің бірі болды десек көп қателеспейтін болармыз. Сондықтан да болар, оның ВЦСПС-тағы қызметіне, жасаған баяндамаларына, ол туралы айтылған пікірлерге біздер, қазақ жұртшылығы, ерекше құлақ түріп отырдық.

ВЦСПС пленумында Қаратай Тұрысов өндіріс орындарында еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшу жолдары туралы көлемді баяндама жасады. Ол одақтық баспасөз бетінде жарияланып, бүкіл шаруашылық жүйесін елең еткізді. Көптеген пікірталас болды, қолдағандар да, қарсылар да өз ойларын бұгіп қалған жоқ. Сол кездегі қалыптасқан тоталитарлық жүйеде бұл сирек кездесетін оқиға болатын. Ал оның себебі неде еді?

Өндіріс орындарындағы жұмысшылардың, ескеріп айтқанына көніп, айдауына жүріп жатқан жайы бар. Еңбекті нормалау өндірісті қалыпты жүргізудің, еңбеккі ұйымдастыруды жетілдіре берудің негізі екендігін көптеген басшылар жете түсінбей жүр”. Сол кездегі Одақ мінбелерінен батыл айтылған пікірлердің бірі осы болды. Тұрысовтың жұмысшыларға еңбекақы төлеуді ұйымдастырудағы тын ойлары мен ұсыныстарын көпшілік қолдады, олар тиісті шешімдердің негізі болды. Сөйтіп Одақ көлемінде де Қарекеннің беделі арта түсті.

Соның бір дәлелі Қаратай Тұрысовтың 1987 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 42-ші сессиясына Кеңес Одағы делегациясын басқарып баруы. Әлемді тітіреткен империя делегациясын қазақ азаматының басқарып баруы және сол алкалы жиында ұзақ сөз сөйлеуі бұрын біздің тарихымызда болмаған оқиға. Жас кезімізде абзал ағамыз, зор парасат иесі Төлеген Тәжібаев осы жиынның мінбесіне шыққанда бір қуанып едік, содан кейінгі бүкіл әлем деңгейіндегі шаруаға қатысқан төл азаматымыз Қарекен болды. “Для повышения авторитета и роли было бы полезно создание под эгидой Организации Объединенных Наций Всемирного консультативного совета, в состав которого вошли бы крупные ученые, политики, общественные деятели, деятели культуры, включая лауреатов Нобелевской и других международных премий всемирного значения, видные представители мировых религий. Такой совет, объединяющий интеллектуальную элиту мира, мог бы заметно обогатить духовный и этический потенциал мировой политики, дело обеспечения мира”, — деп Қаратай Тұрысов ұсыныс жасап еді сол жиында. Үлкен көрегендікпен айтылған осы пікірдің іске асуы тек қана сол кезеңде емес, бүгінгі заманда да қажет болып тұрғанына ешкімнің күмәні жоқ. Жер бетінде әділетсіздік күшейіп бара жатыр, әлділер әлсіздерді қырып-жоюға дайын. Біріккен Ұлттар Ұйымы да бұрынғы дәрежесінен айырылды. Осындай уақытта оның шаңырағының астында әр елдің рухани көсемдері бас қосып, ортақ мәмілеге келсе, мынау үдеп бара жатқан зорлық-зомбылыққа кедергі болар ма еді.

Одақ көлеміндегі қызметі Қарекен үшін жемісті жылдар еді. Кәсіподақтардың халықаралық байланыстарын нығайту мақсатында көптеген шет елдерде болды. Онтүстік Иемен, Бразилия, Аргентина, Колумбия, Панама, тағы басқа елдер Бүкілодақтық кәсіподақтар кеңесінің делегациясын басқарған Қарекеннің сөзін естіп, пікірін тыңдады. Одақ ішінде де ВЦСПС Қаратай Тұрысовтың іскерлігін пайдаланып, кейбір өңірлерде қордаланған, барынша шиеленіскен мәселелердің шешу түйінін табуға жұмсап отыратын. Ол кезде әлеуметтік шиеленістер Совет Одағының әртүрлі өңірлерінде бой көрсете бастаған. Соның бірі Қыыр Шығыста — Сахалинде болды. Тұрмыс жағдайы өте ауыр болған жергілікті балықшылар көтеріліс ашып, ереуіл комитетін құрды. Оны сол кезде өткен балықшылар конференциясында қолайсыз сөз сөйлеп Саяси Бюро мүшесі Н.Никонов ұшықтырып алды. КСРО Министрлер Кеңесінің басшыларынан құралған арнаулы комиссия да балықшылармен мәмілеге келе алмады. Ақыры ВЦСПС Тұрысовты осы түйінді шешу үшін Сахалинге жіберді. “Балықшыларды жатсынғаным жоқ, мұн-мұқтаждарын түсіне білдім, олардың талабын жоғары билікке толық жеткізіп, орындалуына ат салыстым, соның негізінде мәселе шешілді”, — дейтін Қарекен.

1990 жылы Қаратай Тұрысов Қазақ ССР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары ретінде елге қайтты. Көп ұзамай Нұрсұлтан Әбішұлының арнайы тапсырмасымен Қазақстанда экономикалық реформалардың алғашқы бағдарламасын жасауға кіріскен жұмыс тобына басшылық еткенін жоғарыда айттық. Жауапкершілігі мол әрі қиын тапсырма еді. Нарық экономикасын құрамыз деп шештік. Тарихи шешім. Бірақ ол бұрын Кеңес Одағының тәжірибесінде болған жоқ, ал қазақтардың тіпті тарихында да болған жоқ. Кенестік идеология нарықтын тек көлеңкелі жағын санаңа сіндіріп, бізге жау, теріс экономикалық жүйе деп көрсететін. Соның негізінде қалың бұқараға, әсіресе экономика саласындағы мамандарға нарық жүйесі, оның

ісінші жұмысрдің республикалық іс қапа өзіннің және ешкіммен бөліспейтін меншігінде болуы екені ұсынылды және кейіннен солай жарияланды.

Екінші — мемлекеттік меншікті жекешелендіру керектігі және ол әділетті өту үшін әр адамның мүмкіндігін теңестіру үшін оларға мемлекеттік меншіктен үлес алуға арналған сертификаттар тарату тұжырымдалды. Үшінші — бағаны және сыртқы елдермен сауда байланыстарын ырықтандыру керектігі шешілді. Төртінші — инфляцияның жедел қарқынмен өсуіне байланысты халықтың табысын тоқсан сайын индекстен отыру керектігі айқындалды. Бесінші — нарыққа өту үш кезеңнен тұратындығы, оның алғашқы екі кезеңінде еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдайды тұрақтандырып, нарық экономикасының инфрақұрылымын жасау көзделді, үшінші (негізгі) кезеңде 1992 жылдан бастап нарық жүйесіне жедел түрде өту керектігі шешілді.

Аталмыш бағдарламаның негізгі құндылығы неде болды? Ол бағдарлама біздің нарыққа көшу жолымыздың басты мәселелерін анықтап берді. Кейіннен біз жекешелендіруді де қолға алдық, бағаны толығымен босаттық, сыртқы сауда жүйесін де ырықтандырдық. Президент Назарбаевтың, Қаратай Тұрысов бастаған жұмыс тобының, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сол кездегі депутаттарының басты еңбегі осы бағыттарды дұрыс тауып, болашақ іс-қимылдың арқауы етуінде.

Ал енді іс-қимылдың өзіне, әсіресе оның нәтижесіне келетін болсақ, олар біздің күткеніншедей болмай шықты. Баға аспанға шарықтап кетті, ел тұрмысы күрт төмендеді, көптеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатты. Жекешелендіру ісінде де көптеген бұрмалаушылыққа кездестік. Осы қайшылықтарды көрсетіп, олардан арылу жолдарын ұсынып сол кезде мен де Президент Назарбаевқа және Премьер-Министр С.Терещенкоға бірнеше хат жолдаған болатынмын. Дегенмен, әділін айтсақ, бұл кемшіліктер нарық жүйесін біздер толық білмегендімізден болды. Осындай қиыншылықтарға нарық жолын терең түсінбей бізбен қатар көше бастаған Ресей Федерациясы, басқа да бұрын Кеңес Одағының құрамында болған республикалар тап болды. Осыған қоса әртүрлі қателіктер де жібердік, оны да ашық айтуымыз керек. Мысалы — қосымша құн салығы. Ол бізге жат еді. Оны енгізісімен-ақ тауарлар бағасы еселеп, тіпті он-жүз еселеп өсіп кетті, жекешелендіру науқанын да жан-жақты ойлаусымыз аз болды.

Кейінірек Үкімет, жалпы мемлекеттік басқару органдары орын алған қателіктерді түзетіп, экономикадағы реформалардың тиімділігін арттыру жолдарын, әсіресе осы саладағы шетелдердің тәжірибелерінің озық үлгілерін тауып, игеру тетіктерін іздестірді. Президент те осыған бар күшін салды. Нәтижесінде ұтымды шешімдер, экономикаға керек тетіктер табылды, соның арқасында біз тоқыраудан өтіп, даму жолына шыға білдік.

1993 жылдың басында Қарекен өзінің тек қана басшылық жұмыстармен шұғылданбай, ғылыми ізденістер де жасап жүргенін айтып, менен өзінің докторлық диссертациясына ғылыми жетекші болуымды сұрады. Қарекеннің жасаған бағдарламаларымен, ол ұсынған нарық концепцияларымен мен бұрын да таныс болатынмын. Сондықтан келісім беріп, бірге іске кірістік. Қарекен ізденістерін ғылыми негізде жүйеледі, шет ел теориясы мен тәжірибесі сарапталды, Қазақстан экономикасының ерекшелігі зерттелді, әсіресе сол кезеңдегі ең қиын проблема — халықтың әлеуметтік жағдайы, оны жақсарту жолдарына ерекше көңіл бөлінді. Біршама тұжырымдар кейін мемлекет дәрежесіндегі шешімдердің негізі болды. Бір ауыздан ғылыми кеңес мүшелерінен колдау тапқан осы диссертация Қазақстандағы нарық жүйесіне арналған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі еді.

Біздің кәсіби Парламентіміздің құрылғанына 10 жыл толды. Елімізге, жаңа заманға керекті заң жобаларын дүниеге әкелген, сөйтіп еліміздегі саяси-әлеуметтік және экономикалық реформаларға өзінің дербес үлесін қосқан жоғарғы биліктің бір бұтағы — Парламенттің он жылдығын республика жұртшылығы жақында жақсылап атап өтті. Міне, осы Парламентте оның алғашқы күнінен сайланып, артынан екінші мерзімге қайта сайланып, 9 жыл бойы, өмірінің

дамуына мемлекеттік тұрғыдан қарайтын азамат ретінде жылда қабылданатын мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, экономиканың шешуші салаларына жұмсалы керектігін қадағалаушы еді.

Менің алдымда Қарекеннің Парламенттің қос палатасының біріккен отырыстарында 9 жыл ішінде бюджет туралы жасаған 12 баяндамасы жатыр. Оларда тек қана бюджет емес, жалпы Президент ұсынған экономикалық саясаттың орындалу бағыттары жан-жақты талқыланған, мемлекеттің іске асыру алмай отырған мүмкіндіктері көрсетілген, бюджет жобалау ісіндегі кемшіліктер мен оларды жою жолдары туралы көп пікір айтылған. Осының негізінде Парламент бюджет арқылы экономикамыздың қарқынды өсуін қамтамасыз етті деп айтуға дәлеліміз толық бар. Өз кезегінде экономиканың жақсы дамуы мемлекеттің қалтасы қалындап, бюджеттің жылдан-жылға еселеп өсуіне өкелді. Кәсіби Парламент жұмысын бастаған жылы республикалық бюджет мөлшері 240,0 млрд. теңгеге жуық болса, қазір ол 8 есе өсіп 1600 млрд. теңгеге жетті.

Қарекен басқарған Қаржы және бюджет комитетінің тағы бір елеулі еңбегін атап өткім келеді. Ол осы комитеттің салық жүйесін жетілдірудегі күресі. Күрес дегені Үкімет пен Парламенттің салық туралы көзқарастарының бір жерден шыға бермеуінде, көбіне алшақтығында. Депутаттардың салық мәселесін қарағанда ең жаны ашитын саласы — әлеуметтік сала. Мемлекетке әр уақытта да қаржы көп керек болғандықтан, Үкімет ұсынған бюджет жобасында осы, басқа да салалардың мұн-мұқтажы кейде дұрыс есепке алынбай қалатын. Бюджеттің негізі кәсіпорындар мен халықтан алынатын салық болғандықтан, көп проблемалар осы жүйеде тоғысады. Ал оны дұрыс шешу үшін Парламентке табандылық керек.

Қаратай Тұрысов басқарған комитет, Парламент Мәжілісі салық жүйесін қалыптастыруға, оны жетілдіруге арналған заң жобаларын, олардың қосымша баптарын сан мәрте қарады. Нәтижесінде біздің елде қанағаттанарлықтай Салық кодексі қабылданды. Әрине, бұл жүйеде кемшілік жоқ емес, дегенмен өркендеткі елдерде қалыптасқан салық жүйесіне сәйкес жүйе біздің елде де жұмыс істеп отыр. Осы комитеттің қолдауымен Мәжіліс қабылдаған кәсіпкерлік ұйымдар, инвестиция, сауда, мемлекеттік сатып алу, мұнай өнімдерін өндіру және айналымы, табиғи монополиялардың жұмысын реттеу, лицензиялау, инновациялық қызмет туралы және экономиканың басқа да салаларының жұмысын заңдастыруға арналған жобалардың қабылданғанын айта кетуіміз керек. Олар экономиканың қарқынды дамып, бүгінгі өрлеудің негізі бола алды.

Осы жылдары Қарекеннің іскерлігі, қайраткерлігі, тек мемлекет мүддесін назарда ұстайтын ел перзенті екені анық көрінді. Бай өмір тәжірибесімен депутаттар ұжымына қосылған ол өз әріптестерінің біртұтастығына, бірлігіне ұйытқы бола білді. Мәжілістегі көптеген дау-дамай Қарекен кіріскенде толастап, ақыры шешімін табушы еді деп сол кездегі оның депутат әріптестері осы күнге дейін есіне алады. Қажеті болғанда қайрат та көрсетуші еді. 1999 жылы Үкімет Парламентке халықтың зейнетақы қорын 3,7 млрд. теңге қысқартуды ұсынғанда сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары О.Жандосовқа бұл ұсыныс өтпейді, қайтып алындар деп қатал талап қойған Қарекен еді.

Ауыл шаруашылығы жерлерін жеке меншікке беру Парламентте де, қоғамда да үлкен сынға кездесіп жатқанда, қоғамдық пікірден қорқып, біршама депутаттар күмілжіген кезде де өзінің батыл шешімін, осы заңды толығымен қолдайтынын баршаға жария еткен де Қарекен болатын. Осындай батылдығы мен табандылығы көп жерде көрініп жүретін.

Қарекен бүгін ортамызда жоқ. Бірақ осындай ерен еңбегі сіңген азаматын, қайраткерін туған елі ешқашан есінен шығармайды.